

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 шілдедегі № 281 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 362 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 қыркүйекте № 6383 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 2-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 шілдедегі № 281 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6295 тіркелген, 2019 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

орыс тіліндегі қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылып, қазақ тіліндегі тақырып мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Уразалин

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы " ____ " _____
_____ қаулысына
1 қосымша
Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы "24" шілдедегі
№ 281 қаулысына 1 қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Білім беру саласының коды және атауы	Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы	2019-2020 оқу жылына бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі	Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығын (мың теңге)	
1	2	3	4	5	
				Ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында	Басқа жоғары білім беру ұйымдарында
1	6B09 Ветеринария	6B091 Ветеринария	11		349,4
2	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	3	635,8	
		6B022 Гуманитарлық ғылымдар	8	635,8	
3	6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B073 Сәулет және құрылыс	4		635,8
4	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Өсімдік шаруашылығы	3		635,8
		6B082 Мал шаруашылығы	3		635,8
		6B085 Жерге орналастыру	2		635,8
5	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	5		443,3
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	13		443,3

		6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	16		443,3
6	6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)	6B101 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)	10		609,0
7	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)		22		815,5
	Барлығы		100		

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы "____" _____

_____ қаулысына

2 қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы "24" шілдедегі

№ 281 қаулысына 2 қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Білім беру саласының коды және атауы	Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы
1	2	3
1	6 B 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология
		6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
		6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау
		6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
		6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
		6B018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі мамандарын даярлау
		6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау
2	6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B061 Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар
		6B062 Телекоммуникациялар
3	6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс
		6B072 Өндірістік және өңдеу салалары
		6B073 Сәулет және құрылыс
		6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)

		6B081 Агрономия
		6B082 Мал шаруашылығы
	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B083 Орман шаруашылығы
		6B085 Жерге орналастыру
		6B086 Су ресурстары және суды пайдалану
	Барлығы	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК